

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 660 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 823 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 660 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясатында:

"Әлеуметтік-экономикалық жағдай" деген 1-тарауда:

төртінші абзацтағы "15143" деген сандар "15084,4" деген сандармен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "42,3", "38,1" деген сандар тиісінше "42,6", "38,5" деген сандармен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "8,8" деген сандар "8,9" деген сандармен ауыстырылсын;

жиырма бесінші абзацтағы "6543", "1,77" деген сандар тиісінше "8962", "2,4" деген сандармен ауыстырылсын;

жиырма бірінші, жиырма екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта мерзімді кезеңде тауарлар өндіру қызметтер көрсетумен салыстырғанда озық қарқынмен өсетін болады. Тауарлар өндіру жылына орта есеппен 10,3 %-ға, ал қызметтер көрсету 8,5 %-ға өсетін болады.

Өнеркәсіп өнімін өндірудің өсу қарқыны 2007-2009 жылдары орта есеппен 8,2 %-ды құрайды.";

мынадай мазмұндағы жаңа жиырма үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қызметтер көрсетуде сауда, көлік, байланыс, сондай-ақ кәсіпорындарға көрсетілетін түрлі қызметтер барынша көп үлес алады. 2007-2009 жылдары осы салалардың одан әрі өсуі күтілуде. Көлік қызметтері орта есеппен 6,6 %-ға, ұсынылатын байланыс қызметтерінің көлемі 24,5 %-ға артады. Сауда саласында қызметтер орта есеппен 9,1 %-ға өседі.";

жиырма үшінші абзацтағы "102,7", "110,7" деген сандар тиісінше "103", "122,6" деген сандармен ауыстырылсын;

жиырма төртінші абзацтағы "114,3" деген сандар "118,7" деген сандармен ауыстырылсын;

жиырма бесінші абзацтағы "5,4" деген сандар "7" деген санмен ауыстырылсын;

жиырма алтыншы абзац алынып тасталсын;

1-кесте осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Бюджет жүйесін жетілдіру" деген 3-тарауда:  
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджет жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы қабылданды.";

оныншы абзацтағы "заң жобасын", "енгізілетін болады" деген сөздер тиісінше " Заңды" және "енгізілуде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кірістер саясаты" деген 5-тарауда:  
тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық қордың тұжырымдамасына сәйкес мұнай түсімдерін Ұлттық қорға аудару болжамы 2007 жылы ЖІӨ-ге 6,4 %-ды, 2008 жылы ЖІӨ-ге 5,8 %-ды, 2009 жылы ЖІӨ-ге 5,5 %-ды құрайды.";

2-кесте осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Салықтық түсімдердің 2007 жылы ЖІӨ-ге 17,2 %-дан 2009 жылы ЖІӨ-ге 16,1 %-ға дейін төмендеуі жыл сайын қосылған құн салығы ставкасының 1 %-ға дейін төмендеуімен (14 %-дан 12 %-ға дейін) және 2008 жылдан бастап әлеуметтік салық ставкаларының орта есеппен 30 %-ға төмендеуімен түсіндіріледі.";

он үшінші абзацтағы "0,66", "0,27" деген сандар тиісінше "0,61", "0,20" деген сандармен ауыстырылсын;

он төртінші абзацтағы "115,3" деген сандар "112,8" деген сандармен ауыстырылсын ;

он бесінші және он алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

"Шығындар саясаты" деген 6-тарауда:

сексен жетінші абзацтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

сексен тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

тоқсан екінші абзацтағы "5,5", "4,4" деген сандар тиісінше "3,7", "2,5" деген сандармен ауыстырылсын;

тоқсан төртінші абзац алынып тасталсын;

тоқсан бесінші абзацтағы "26,9" деген сандар "22,6" деген сандармен ауыстырылсын;

бір жүзінші абзацтағы "114,3", "114,5" деген сандар "116,0", "124,1" деген сандармен ауыстырылсын;

бір жүз екінші абзацтағы "25,0", "24", "23,2" деген сандар тиісінше "22,1", "20,9", "19,4" деген сандармен ауыстырылсын;

3-кесте осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Бюджетаралық қатынастар" деген 9-тарауда:  
сегізінші абзацтағы "жергілікті бюджеттердің" деген сөздерден кейін "үш жылдық  
Заңның қолданылу кезеңінде алынған" деген сөздермен толықтырылсын;

он екінші абзацтағы "Мемлекет" деген сөз "Осылайша, мәселен, мемлекет" деген  
сөздермен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару"  
д е г е н 1 0 - т а р а у д а :

жетінші абзацтағы ", оның ішінде неғұрлым ұзақ мерзімді айналымдағы  
мемлекеттік бағалы қағаздарды кезең-кезеңімен 30 жылға дейін енгізу" деген сөздер  
алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми  
жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2006 жылғы 25 тамыздағы  
N 823 қаулысына

1-қосымша

1-кесте

**Қазақстан Республикасының 2007-2009 жылдарға арналған  
негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы**

Көрсеткіштің атауы	2007	2008	2009
ЖІӨ, млрд. теңге	11879,8	14036,6	16540,4
ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, өткен жылға %-бен	108,6	108,9	109
Тұтыну бағаларының индексі, жылына орта есеппен %-бен	5-7	5-7	5-7
Тауарлар экспорты, млн. АҚШ доллары (ФОБ)	32900,6	34932,2	38580
Тауарлар импорты, млн. АҚШ доллары (ФОБ)	25603,9	28215,6	31242,2
Мұнай және газ конденсатын өндіру, млн. тонна	64,0	70,0	78,0
Мұнайға әлемдік баға (Brent қоспасы), бір баррелі үшін АҚШ доллары	60,0	60,0	60,0

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2006 жылғы 25 тамыздағы  
N 823 қаулысына

2-қосымша

2-кесте

**Мемлекеттік бюджетке түсетін мұнайға қатысты емес  
кірістердің 2007-2009 жылдарға арналған болжамы**

ЖІӨ-ге пайызбен

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл

<b>Мұнайға қатысты емес кірістер</b>	<b>18,2</b>	<b>17,4</b>	<b>16,6</b>
салықтық түсімдер	17,2	16,5	16,1
салықтық емес түсімдер	0,39	0,34	0,30
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,61	0,53	0,20

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2006 жылғы 25 тамыздағы  
N 823 қаулысына

3-қосымша

3-кесте

**Мемлекеттік бюджеттің 2007-2009 жылдарға арналған  
шығыстарының болжамы**

Атауы	2007 жыл		2008 жыл		2009 жыл	
	үлесі, %	ЖІӨ-ге бен	%- бен	үлесі, %	ЖІӨ-ге бен	%- үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7
<b>Шығыстар</b>	<b>22,1</b>	<b>100</b>	<b>20,9</b>	<b>100</b>	<b>19,4</b>	<b>100</b>
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1,4	6,4	1,2	5,6	0,9	4,8
Қорғаныс	1,4	6,4	1,4	6,5	1,3	6,7
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2,0	9,1	1,9	9,3	1,7	8,8
Білім беру	3,6	16,1	3,6	17,3	3,6	18,4
Денсаулық сақтау	2,6	11,6	2,7	12,7	2,6	13,7
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік камсыздандыру	4,3	19,5	4,4	20,9	4,4	22,5
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1,2	5,4	1,0	4,7	0,9	4,5
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	0,7	3,3	0,6	3,1	0,6	2,9
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	0,4	1,6	0,3	1,5	0,2	1,2
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1,0	4,7	0,9	4,5	0,8	4,2
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	0,0	0,2	0,0	0,2	0,0	0,1
Көлік және коммуникация	1,7	7,5	1,6	7,9	1,6	8,0
Басқалар	1,4	6,3	1,0	4,6	0,7	3,4
Борышқа қызмет көрсету	0,4	1,8	0,3	1,3	0,2	0,9